


6. Несие алуға қажетті құжаттар

- ▶ 6.1.Банктік кредит не үшін қажет**
- ▶ 6.2.Кредитті қалай алуға болады**
- ▶ 6.3.Банктік кредит қалай өтеледі**
- ▶ 6.4.Кредитің «астарлы қиындықтары» бар ма**
- ▶ 6.5.Банкті қалай таңдауға болады?**

6.1. БАНКТІК КРЕДИТ НЕ ҮШІН ҚАЖЕТ?



► Кредиттің түрлері мен формалары:

а) Коммерциялық кредит дегеніміз — кәсіпорындар, бірлестіктер және шаруашылық субъектілерінің бір-біріне беретін кредиті. Коммерциялық кредит тауар формасында, төлемнің мерзімін ұзарту тәсілімен ұсынылады.

Мұндай кредиттің құралы коммерциялық банк арқылы төленетін вексель (белгілі уақытта белгілі орында белгілі соманы белгілі бір адамға төлеу туралы шартсыз міндеттеме) болып табылады. өнеркәсіптік капиталдың айналымына қызмет көрсететін тауар капиталы, өндіріс саласынан тұтыну саласына дейін тауарлардың қозғалысы коммерциялық кредиттің нысаны бола алады. Кредит капиталының өнеркәсіптік капиталмен бірігуі коммерциялық кредиттің ерекшелігі болып табылады.

Бұл кредит- тің басты мақсаты — тауарды сату және одан пайда табу барысын жеңілдету. Тауардың бағасына және вексель сомасына кіретін коммерциялық кредит бойынша пайыз банктік кредитке қарағанда төмен болады.

Коммерциялық кредиттің мөлшері өнеркәсіптік және сауда компаниялары иелігіндегі резервтік капиталдың шамасымен шектеледі.

- ▶ б) Банктік кредит дегеніміз — кредиттік-қаржылық мекемелер (банктер, қорлар, ассоциациялар), кез келген шаруашылық субъектілері (жеке кәсіпкерлер, кәсіпорындар, ұйымдар және т.б.) ақшалай несие ретінде ұсынатын кредит. Банктік кредит бағыты, мерзімі, мөлшері бойынша коммерциялық кредиттің шегінен асады. Оның қолданылу аясы кеңірек.

▶ в) Тұтынушылық кредит
дегеніміз — тұтынушы ларға
арналған тауарларды сатып
алу және тұрмыстық
қызметтерге төлем жасау үшін
тұрғындарға ұсынылатын
кредит.

- ▶ Ол екі формада болады:
- ▶ • Коммерциялық кредит формасында, яғни бөлшектік сауда арқылы төлемнің мерзімін ұзартып тауарларды сату;
- ▶ • банктік кредит формасында, яғни тұтынушылық мақсаттағы несиелер.
Тұтынушылық кредиттің басты мақсаты — тұрғындардың тауар сатып алуын көтермелеу. Әдетте, осындай кредиттің көмегімен ұзақ уақыт пайдаланылатын тауарлар сатылады (автомобиль, тоңазытқыш, жиһаз, тұрмыстық техника).

- ▶ г) Ипотекалық кредит мүлік кепілдігіне (жерлер, ғимараттар) ұзақ мерзімді несие түрінде ұсынылады. Банктер мен кәсіпорындар шығаратын ипотекалық облигациялар несие беру құралы болып табылады.

- ▶ д) Мемлекеттік кредитті мемлекеттік кредит және мемлекеттік қарыз деп екіге бөліп қарастыруға болады.
Бірінші жағдайда, мемлекеттің кредиттік институттары (банктер және басқа да кредиттік- қаржылық институттар) экономиканың әртүрлі секторларын кредиттейді.

- ▶ Екінші жағдайда, мемлекет акшалай қаражаттарды банктен және капитал нарығындағы басқа да кредиттік-қаржылық институттардан бюджет тапшылығын және мемлекеттік қарызды қаржыландыру мақсатында қарызға алады.

- ▶ Сонымен қатар, мемлекеттік облига-цияларды кредиттік институттардан басқа, тұрғындар, заңды тұлғалар, яғни түрлі кәсіпорын-дар мен компаниялар сатып алады.

- ▶ е) Халықаралық кредит дегеніміз — несие капи талының халықаралық экономикалық қатынастар саласында қозғалысы. Халықаралық кредит ақшалай (валюталық) немесе тауар формасында ұсынылады. Кредиторлар мен қарыз алушылар банктер, жеке фирмалар, мемлекеттер, халықаралық және өңірлік ұйымдар болып табылады.

▶ Отандық банктердің тәжірибесінде кәсіпкерлік қызметті әртүрлі кредиттеу тәсілі бар:

▶ • біржолғы ақша қаражаттарын ұсыну (жеке кредиттеу)

▶ • овердрафттық кредиттеу,

▶ • кредиттік желі ашу.

- ▶ Жеке кредиттеу (бір жолғы қаражат беру тәртібінде кредиттеу) кредит ұсыну жеңілдігімен және кредиттеу барысын ұйымдастырудың реттілігімен ерекшеленеді.

- ▶ Барлық соманы бір мезгілде және кредиттік шартта белгіленген кредит мөлшерінде беріледі. Несие беру мәселесін әр жағдайда жеке тәртіпте қарастыру бұл тәсілдің маңызы болып табылады. Қаражатқа деген белгілі мұқтаждықты қанағаттандыру үшін несие беріледі. Бұл тәсіл белгілі бір мерзімге берілу кезінде қолданылады, яғни шұғыл несие. Осы тәсілге лизинг те жатады.

- ▶ Лизинг — бұл қаржыландыру түрі, ол кезде банк клиент (лизинг алушы) көрсеткен мүлікті өз меншігіне алады және клиентке белгілі төлемге, белгілі мерзімге және белгілі шартпен уақытша пайдалануға береді.

Лизинг шарты аяқталған соң,
лизинг нысанының қалдық құны
нөлге жақын болса, онда қосымша
төлемсіз нысан лизинг алушының
меншігіне өтуі мүмкін.

- ▶ Лизингтің затына ғимараттар, құрылыстар, машиналар, жабдықтар, керек-жарақтар, көлік құралдары, жер телімдері мен кәсіпкерлік мақсатта пайдаланылатын өзге кез келген түрдегі негізгі құралдар жатуы мүмкін. Құнды қағаздар мен табиғи ресурстар лизингтің мәні бола алмайды

Бұл — кәсіпорындарға кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін негізгі қорларды сатып алып және жаңартып отыруға мүмкіндік беретін қаржылық аспап. Шын мәнінде, лизинг дегеніміз — бұл мүлікті артынша сатып алу құқығымен ұзақ мерзімді жалға алу. Мүлік лизингінің бүкіл мерзімі бойы лизингтік компанияның меншігінде қалып отырады.

Лизингілік компания лизинг алушының өтініші бойынша лизинг шартын жасасқаннан кейін және әдетте, аванстық төлемді алғаннан кейін лизинг затын (автокөлікті, жабдықты, ғимаратты/құрылысты) алады және оны лизинг алушыға (клиентке) соның уақытша пайдалануына арнап тапсырады.

▶ Овердрафт.

▶ Овердрафттық кредиттеу қаржылық шаруашылық қызмет барысында туындаған төлем алшақтығын жою үшін қолданылады, яғни қысқа мерзімге арналған кредит.

- ▶ Бұл компанияның ақшалай қаражаттардың уақытша жетіспеушілігінен немесе ағымдағы есеп айырысуларды аяқтау үшін есепшотта ақша болмауына байланысты қажеттілік туындаған кезде беріледі.

Бұл:

- ▶ • компанияның сатып алып жатқан тауарлық- материалдық құндылықтар мен негізгі қызметі бойынша қызмет көрсетулердің есеп айырысу құжаттарының ақшасын төлеу;
- ▶ • компанияның салықтық және өзге түрдегі міндетті төлемдерін аудару;

- Компанияның операциялық және өзге түрдегі шығындары бойынша төлемдерді жүргізуі және өзге де шаруашылық мақсаттары;
- ▶ • Ерекше жағдайларда бизнестің ерекшелігіне қарай және банкпен келісе отырып овердрафты компанияның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу үшін пайдалануға болады.

- ▶ Овердрафттың артықшылығы — кепілдік қажет болмайды және жылдам ресімделеді.
Овердрафттың кемшілігі — қолданыстағы бизнес қана қаржыландырылады.

- ▶ Кредиттік желі — қарыз алушы үшін алдын ала банк белгіленген кредиттеу лимиті мөлшерінде несие беру, ол оны белгіленген кезең ішінде ұсынылған төлем құжаттарын төлеу арқылы қажеттілігіне қарай пайдаланады.

Кредиттік желінің біржолғы төлемнен айырмашылығы кредитті ұсыну тәсіліне байланысты, яғни кредит бірден берілмейді, бөлшектеп беріледі. Кредиттік желіні ашу кезінде тараптар кредиттік желінің сомасы мен мерзімін анықтайды.

- ▶ Кредиттік желіні ашу кезінде берілім лимиті мен берешек лимитін белгілеу де міндетті болып табылады.

- ▶ Берілім лимиті — клиентке ұсынылатын ақшалай қаражаты жалпы сомасының шекті мөлшері.

Аталған лимит қарыз алушы барлық кредит желісін пайдалану кезеңінде ала алатын кредит сомасын көрсетеді, бірақ аталған күні алатын кредиттің мөлшерін көрсетпейді. Қарыз алушының әр нақты күні кредит алу мүмкіндігі берешек лимитімен белгіленеді.

Кредиттік желі тәртібінде кредиттік шарт жасауға төмендегілер негіз болады:

- ▶ • ұзақ уақыт аралығында қаражатты жедел алудың қажеттілігі;
- ▶ • белгілі уақыт ішінде қосымша дерекнамаларға мұқтаждықтың тұрақты сипаттамасы;
- ▶ • қарыз алушы тарапынан, сондай-ақ банк тарапынан бірнеше шартты ресімдеудің орнына бір кредиттік шартты ресімдеу бойынша қаражатты және уақытта үнемдеудің орындылығы.

Кредиттік желі:

- ▶ • жаңартылатын және
- ▶ • жаңартылмайтын болуы
мүмкін.

- ▶ Жаңартылмайтын кредиттік желі бойынша кредит шартқа сәйкес алуға негіз пайда болғанда бөлшектеп беріледі, бірақ белгіленген біржолғы берешек лимиті есепке алынады. Барлық берілген сома берілім лимитінен аспауы қажет.

Мұндай кредит беру тәртібі өндірісі маусымдық сипаттағы кәсіпорындарды кредиттеуге тән, яғни өтеу үшін нақты кіріс көздері болмағандықтан ұзақ уақыт ішінде шығындардың өсуі мүмкін.

- ▶ Жаңартылатын кредиттік желі бойынша кредитті беру шарты кредит алушы алдыңғы алған кредитті өтеген кезде, берешек лимитін қалпына келтіруді қарастырады.

Сонымен қатар жаңа кредитті берешек лимиті шегінде және берілім лимитін пайдалануды есепке ала отырып беріледі. Себебі, кредит беру өтеудің аралық мерзімін қарастыратын транштар арқылы жүзеге асырылады. Осы арқылы кредитор мен қарыз алушы кредиттік желінің жалпы қолдану мерзімін және аралық мерзімін белгілейді.

Аралық мерзімдер
кредиттелетін құндылықтардың
айналымдылығымен
анықталады және
айналымдылық баяулаған
жағдайда банк мерзімін
ұзартуы мүмкін. Егер кредит
алушы нақты өтеу мерзімін
белгілейтін болса, онда
кредиттік шартқа қосымша өтеу
кестесі жасалады.

Жаңартылатын кредит желісін пайдалану кезеңінде банк ұсынатын кредиттің барлық сомасы берілім лимитіне тең, бірақ банк біржолғы берешек лимитінің шегінде кредит беру бойынша міндеттемені өзіне жүктейді.

Кредиттік желінің
игерілуіне қарай банктің
міндеттемесі төмендейді,
кредит өтелген кезде
берешек лимитін қалпына
келтіру жүзеге асырылады.
Кредит алушыда кредиттің
келесі бөлігін алу
мүмкіндігі пайда болады.

Кредиттік желіні ашу. Кредиттік желіні ашу шарттарын жасау кезінде сұралған көлемдегі кредитті ұсынудың мақсатқа сәйкес келетіндігіне және оны клиенттің тиімді игеру, уақтылы қайтару мүмкіндігіне көп назар аударылады. Берілім лимиті мен берешек лимитін есептеу әдістемесін банк дербес белгілейді

Әлеуетті кредит алушы активтерінің
айналымдылық көрсеткіштері,
өндірістегі маусымдық себептердің
болуы немесе шикізатты дайындау
мен өңдеу, жеке айналым
қаражаттарымен қамтамасыз етілуі
негізгі критерий ретінде алынады.
Кредиттік желінің артықшылығы.

- ▶ Кредиттік желіні кредит ұсыну тәсілі ретінде пайдалану бірқатар артықшылық береді, соның ішінде негізінен төмендегілер көрсетіледі:
 - ▶ • есеп айырысудың жоғарғы жылдамдығы;
 - ▶ • белгілі күні ғана емес, бүкіл кезең үшін өтеу мүмкіндігі;

- ▶ • кредит берілетін нысанды игеруге байланысты берілім лимитін жедел арттыру немесе азайту мүмкіндігі;
- ▶ • ұзақ уақыт пайдалану, ағымдағы активтерді құруға және қозғалысына байланысты мақсаттарды кредиттеу мерзімдері бойынша шектеудің болмауы;
- ▶ • кредиттік желіні түрлі валютада және әртүрлі бан-кте ашу мүмкіндігі және т. б. Кредиттік желінің кемшілігі — қолданыстағы бизнесті қаржыландырады.

6.2. КРЕДИТТИ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

- ▶ Кредитті алу жұмысын жеңілдету үшін оны кезеңдерге бөлуге болады.

- ▶ Бірінші кезеңде кредиттік қаражаттарды және қарыз шарттарын тарту қажеттілігі анықталады (кредиттеу түрі, сомасы, мерзімі, оңтайлы пайыздық мөлшерлемесі).

- ▶ Екінші кезеңде қарыз алушы банктік мекемені таңдайды және өзі таңдаған банктің немесе банк бөлімшесінің консультантынан жан-жақты сұрақтар қойып, кеңес алады

Көпшілік жағдайда, банктер
кредит беру кезінде кепілзат
қамсыздандырмасының болуын
шарт деп санайды, оның көмегімен
банк төлеуге қабілеті келмейтін
қарыз алушыға берілген
қаражаттарды уақтылы және
толық көлемде қайтара алады.

- ▶ Үшінші кезеңде, серіктес болатын банкті таңдағаннан және кредиттің жобалы шарттарын келіскеннен кейін, қарыз алушы талап етілген барлық құжаттамаларды ұсынады.

- ▶ Банк не себепті кредит беруден бас тартады?
- ▶ Кредит беруден бас тартудың негізгі себептері:
- ▶ 1. Қазіргі коммерциялық банктер кредиттерді тек қана бизнес-жоспар бойынша сирек береді. Басқаша айтқанда, егер кәсіпкердің табысты жұмыс істеп тұрған бизнесі болмаса, оның кредит алу ықтималдығы төмен.

▶ 2. Кепілдіктің болмауы.

▶ 3. Бухгалтерияның таза болмауы

▶ 4. ШЫҒЫНЫ КӨП БИЗНЕС

- ▶ 5. Егер Сіз банкке қажет ақпараттарды беруге бас тартсаңыз

▶ 6. Егер кәсіпкердің
кредиттеу бойынша
нақты мақсаты
болмаса

- ▶ 7. Көбінесе банктер таңдаулы аймақтарда қызмет етеді. Егер Сіздің қызметіңіз банк тіркелген аймақта болмаса, бұл да бас тартуға негіз болады. Себебі, бизнесіңізді, мүлік кепілдігін бағалау, мамандарды жіберу және керек құжаттарды жинау қиыншылық туғызады.

Сонымен, бизнесің үшін банктен кредит алу үшін, Сізге банктің кредит беруден бас тартуына негіз болатын басты жағдайларды есте сақтаған жөн, сондайақ, кредит алу үшін өтініш жазу алдында қолдан келер жағдайларды жасауға кеңес береміз.

6.3.БАНКТІК КРЕДИТ ҚАЛАЙ ӨТЕЛЕДІ?

- ▶ Өтеу уақыты бойынша кредиттердің түрі:
- ▶ 1. Қысқа мерзімді кредиттер.

▶ 2. Орта мерзімді кредиттер.

▶ 3. Ұзақ мерзімді кредиттер

▶ Пайыздық мөлшерлемесінің түріне қарай бекітілген және өзгермелі мөлшерлемесі бар кредиттер болып бөлінеді.

▶ Кредит бойынша пайыздық мөлшерлемесі бірнеше тәсілмен алынады:

▶ • Кредитті өтеу кезінде;

▶ • Барлық кредитті өтеу мерзімінде бірқалыпты жарна- лар бойынша;

- ▶ • Кредит бойынша пайыздарды банк қарыз берушіге кредитті беру кезінде ұстап қалуы мүмкін.
- ▶ Банктік кредиті өтеу келесі тәсілдер арқылы жүзеге асырылады:
- ▶ • Кредиттеу мерзімі өтуі бойынша бір сомамен. Бұл тәсіл қысқа мерзімді өтеу кезінде қолданылады;
- ▶ • Бөліп төлеу;
- ▶ • Кредитті әркелкі үлестермен өтеу.

Банктік кредитті өтеу тәсілдерінің ішіндегі кең тарағаны кредит алған банктің есеп айырысу — кассалық бөлімшесі арқылы жарналарды төлеу болып табылады. Бұл тәсіл ең ыңғайлысы, төлемдердің мерзімін өткізіп алғандығыңыз үшін айыппұл төлемейсіз, себебі банк ақшаны кесте бойынша кредитті өтеу күні алады.

- ▶ Келесі тәсілі пошталық аударым болып табылады.

Бүгінгі күні көптеген қарыз
алушылар банктік кредитті
өтеу үшін қолданып жүрген
кең тараған тәсілдердің бірі
электрондық терминал
болып табылады.

Кредитті пошта арқылы төлеген сияқты, электрондық терминал арқылы төлеу кезінде банк ақшаны төлем күні емес, бірнеше күннен кейін алады, сондықтан кесте бойынша төлем мерзімін өткізіп алмау үшін төлем кезінде осыны ескерген дұрыс. Сондай-ақ электрондық терминал да төлем сомасының 1 — 5 % көлемінде комиссия ұстап қалады, яғни төленетін сома кредитті өтеуге қажетті сомамен шектелмеуі, керісінше комиссия сомасы шегінде артық болуы керек.

▶ Көп тараған Кредитті өтеу тәсілі:

- ▶ • Аннуитеттік төлем;
- ▶ • Сараланған төлем.

- ▶ Аннуитеттік төлем — ай сайынғы төлемі тең кредиттік төлем, оған кредит бойынша есептелген пайыздардың сомасы және негізгі қарыз сомасы кіреді, көптеген коммерциялық банктерде қолданылады.
- ▶ Сараланған төлем — кредиттеудің соңғы мерзімінде азаятын ай сайынғы төлем және ол төленетін негізгі қарыздың тұрақты үлесінен және кредиттің төленбеген пайыздарынан тұрады. Банк мамандарының көмегіне жүгінбей, әртүрлі қарыздарды салыстыру және қажетті ақпараттарды алу үшін кредиттік калькуляторды пайдаланыңыз.

6.4. КРЕДИТТІҢ «АСТАРЛЫ ҚИЫНДЫҚТАРЫ» БАР МА?



Мұндай қиындықтардың
бірі банк тарапынан қарыз
алушыға кредит бойынша
төленбеген шамалы ақша
сомасы үшін салынатын
айыппұл болып табылады,
мысалы, кредитті ресімдеу
үшін теленетін сома немесе
КОМИССИЯЛЫҚ ТӨЛЕМ.

Негізінен, бұл қателіктерді қарыз алушы зейінсіздігі нәтижесінде жібереді. Кредитті өтегеннен кейін бірнеше уақыт өткен соң, банк құжаттарды жібереді, яғни онда қарыз алушы айыппұлдар мен төленбеген қарыздар бойынша есептелген өсімақылар нәтижесінде жинақталған біршама көлемдегі соманы төлеуге міндетті болады.

Төлемнің мерзімін өткізіп алу мәселесіне өте сақ қараған дұрыс. Сонымен қатар, кредит бойынша ай сайынғы төлемді ғана емес, оның бір бөлшегін төлемеу төлем мерзімін өткізіп алу болып саналады.

Мысалы, төлем сомасы % 44 560 теңгені құрайды, ал қарыз алушы тиындарды жинап кейін төлеуге болады деген оймен 44000 теңгені төледі. Шындығында мұндай толық емес төлем төлемнің мерзімін өткізіп алуды білдіреді, соның салдарынан әрбір мерзімі өткен күнге пайыздар мен айыппұл қосылады. Кредиттеудің тағы да бір «астарлы қиындығы» — кредитті мерзімінен бұрын өтеу.

Қарызды жартылай немесе толық өтеу — қарыз шартына сәйкес белгіленген мерзімде берешектің толық көлемін немесе бөлігін өтеу.

Банктер үшін кредиттеу — кредиттік шарттың қолданыс мерзімінде алатын негізгі табыс көзі, ал қарыз алушы мерзімінен бұрын өтеген кезде кредит ұсыну кезінде болжанған табыс көлемін алмау деген сөз.

Мерзімінен бұрын өтелген кредит үшін банк белгілі комиссия көлемін ұстап қалады. Осы комиссиялық төлемдер төленбеген жағдайда айыппұл салынады, берешек сомасы есептелген пайыздардың есебінен арта түседі. Банктердің көпшілігі мұндай берешектерді кредит өтелгеннен кейін бірнеше айдан соң немесе бір жылдан соң сома қомақты дәрежеге жеткенде алады

Осындай келеңсіз тосын жайттардың алдын алу үшін, алдымен, кредиттік шартты, оның ішінде ұсақ шрифтермен жазылған тармақтарын мұқият зерделеген дұрыс. Банкке төленетін комиссиялық төлемдер көрсетілетін шарттың соңғы беті маңызды болып табылады.

- ▶ Банктен кредитті өтеу кестесін алған жөн. Сондай-ақ, кредиттің төленгендігін растайтын барлық түбіртектер міндетті түрде сақтау қажет.

6.5. БАНКТІ ҚАЛАЙ ТАҢДАУҒА БОЛАДЫ?

- ▶ Клиенттердің банкпен ынтымақтасу туралы шешімді қабылдау барысы бірнеше кезеңдерден тұрады:
- ▶ • Мәселені шешудің ең жақсы нұсқаларын қарастыру, банктердің балама коммерциялық ұсыныстарын қарастыру;
- ▶ • Нақты мәселені шешу үшін нақты банкті таңдау.

▶ Клиенттердің банкпен ынтымақтасу туралы шешімді қабылдау барысы бірнеше көрсеткіштерге де байланысты.

▶ 1.Пайыздық мөлшерлеме — кредиттің экономикалық құнын анықтайтын жалғыз көрсеткіш емес.

▶ 2.Кредиттің валютасы мен мерзімі тәрізді шарттар да аса маңызды рөл атқарады.

Әдетте, кредиттің мерзімі неғұрлым қысқа болса, ол соғұрлым арзанға түседі.

Алайда, мұндай арзандылық үшін сіздің жоғары белгісіздік тәуекелімен есеп айырысуыңызға тура келеді. Сіз кредитті өтеп және қайтадан кредит алғыңыз келген жағдайда банк пайыздық мөлшерлемені көтеріп немесе кредитті жандандырудан мүлде бас тартуы мүмкін. Сонымен қатар, ең маңыздысы, кредиттің мерзімі соның мақсатына сай болуы тиіс.

Егер сіз кредитті қысқа мерзімді саудалық операцияларға арнап тартып отырған болсаңыз, кредитті өтеу үшін сізге бірнеше ай жеткілікті болады. Сонымен қатар, өндірістік жабдықты немесе жылжымайтын мүлікті сатып алуға арналған кредитті қайтару бірнеше жылды қажет ететін болады.

▶ 3. Айырбастау тарифтері.

Мүмкіндігінше, валюталық тәуекелдерді өз мойныңызға артып отырмау үшін кредитті өз контрагенттеріңізбен есеп айырысатын валюта түрінде алуға тырысыңыз.

Егер сіз теңгемен есеп айырысып отырсаңыз, алайда, кредитті шетел валютасы түрінде алуға мәжбүр болып отырсаңыз, банктен сол валютаны айырбастау тарифтерін (сатып алу-сату) біліп алыңыз. Бұл тарифтер, әдетте, кредиттік шартта көрсетілмейді және банктің валюталық нарықтардағы белсенді жұмысына байланысты болады.

- ▶ 4. Кредиттік шарттың тағы бір маңызды бағалық шарттары — түрлі комиссиялар. Оларға немқұрайлы қарамаңыз, себебі олар кредиттің қорытынды бағасын елеулі түрде қымбаттатып жіберуі мүмкін.

Шарттарды талқылау кезінде өзіңіз төлейтін комиссияларды, олардың көлемі мен төлеу тәртібін түгелдей атап беруді өтініңіз. Қаржыландыруды ұйымдастыру үшін, есепшоттарды ашу мен жүргізу үшін, кредиттік желінің пайдаланылмаған лимиті үшін, мерзімінен бұрын өтеу үшін комиссияларға ерекше көңіл бөліңіз.

- ▶ 5. Айыппұлдар шаралардың — мөлшері мен төлем реттерін — жоғары мөлшердегі пайыздардың, өсімпұлдың, айыппұлдардың көлемі мен оларды төлеу тәртібін қарап шығуды ұмытпаңыз. Солар бойынша саудаласудан қысылмаңыз. Сіз өзіңіздің мінсіз екендіңізге қаншалықты сенімді болсаңыз да, сізге соларды тым болмағанда бір рет төлеуге тура келетінін ойлаңыз.

- ▶ 6. Қаржылық емес міндеттемелерді бұзғаны үшін — қаржылық есептілікті, анықтамалар мен өзге түрдегі құжаттарды уақытында ұсынбау үшін айыппұлдық санкциялардың бар-жоғын тексеріңіз.

Ақыры, өзіңіздің банкпен келешек қатынастарыңызға практикалық ыңғайлылық тұрғысынан қарап көріңіз. Банктің кеңсесі қаншалықты жақын және қолайлы түрде орналасқан? «Банк-клиент» жүйесінің мүмкіндіктері қандай және ол сіздің бухгалтерияңыз үшін қолайлы ма?

Банк сіздің сұранымдарыңызға қаншалықты тез жауап береді? Ол несиелерді қаншалықты жылдам ұсынатын болады? Банктің қызметкерлерімен өзара түсіністік бар ма? Соңында, әрі ең маңыздысы — сіздің бұл банкке деген сеніміңіз бар ма? Асығыстық жасамаңыз, банкті өзіңіз үшін маңызды болатындай барлық факторларды ескере отырып таңдаңыз. Сіздің стратегиялық серіктесіңіз пайыздық мөлшерлемесі аса төмен болып табылмайтын банк болуы әбден мүмкін.

9-кесте – Банкті таңдау критерийлері

Критерий	Сипаттамасы
Бантің танымалдығы	Клиенттердің банктің банктік қызмет нарығында барлығы туралы ақпаратқа қанықтығы
Клиенттердің банктің банктік қызмет	Клиенттің банктің жоғарғы кәсіби талаптарға сәйкес келетіндігіне сенім білдіру дәрежесі
Банктің жақсы беделі	Клиент бизнесінің қажеттілігіне қарай қызмет түрлерін және қосымша шарттарды таңдай алу мүмкіндігі
Клиенттің банктің жоғарғы кәсіби талаптарға сәйкес келетіндігіне сенім білдіру дәрежесі	Кредит, депозит, валюта бағамының тиімді шарттары

<p>Қызметтердің жиынтығы</p>	<p>Жарғылық капиталдың, резервтік қордың мөлшері. Клиенттердің банкпен қарымқатынас жасау тарихы. Банк акциясының нарықтық құны және оның қарқыны</p>
<p>Клиент бизнесінің қажеттілігіне қарай қызмет түрлерін және қосымша шарттарды таңдай алу мүмкіндігі</p>	<p>Қазіргі заманғы есептеу құралдарының барлығы. Банктермен тікелей корреспонденттік қатынастың болуы. Банк филиалдары жүйесінің барлығы және географиясы</p>
<p>Қаржылық пайда</p>	<p>Филиалдық жүйелердің, қосымша кеңселердің, төлем қабылдау пункттерінің болуы. Банкоматтардың, әртүрлі есеп айырысу терминалдарының болуы. Кредиттің, депозиттің ең төменгі сомасы</p>
<p>Сенімділік</p>	<p>Жеке қызмет көрсету. Тұрақ орны. Ғимараттың дизайні. Интерьер. Қызметкерлердің сыртқы келбеті және қарым-қатынасы. Демалыс және келіссөз жүргізу орындарының бар болуы</p>

- ▶ 1. Алдында алған кредитті төлеу қиынға соқса, не істеу керек (жеткізілген тауар үшін төлемді кешіктіру, сату деңгейінің төмендеуі, форс — мажор)? Бұл қиын жағдайдан шығуға бола ма?

- ▶ Шешім. Бұл — кредит құрамын қайта қарау. Жол біреу-ақ — банкке барып, қарызды төлеуден қаражат жоқтығын, орын алған қиын жағдай туралы айтқан жөн. Сонда ғана банк қызметкерлері кредит құрамын қайта қарау қызметін ұсына алады. Сізге қиын жағдайда көмек көрсететін өте ыңғайлы сызбаны таңдап береді

Мысалы, өзіңіз ай сайын төлей алатын, өтеу кестесін жобалаңыз. Қарыз құрамын қайта қарау (берешек құрамын қайта қарау) — міндеттемені өтеу жағдайындағы кез келген өзгерістер.

- ▶ Кредиттің құрамын қайта қарау
дегеніміз банктік кредит
бойынша пайыздарды,
қамсыздандырманы, комиссияны
өтеу мерзімі мен тәртібін
өзгерту, қарыздың құрамын қайта
қараудың бір түрі болып
табылады.

Берешек құрылымын қайта
қарау әртүрлі құралдардың
көмегімен жүзеге
асырылады: құрамын қайта
қарау және шоғырландыру.

- ▶ Құрамын қайта қарау — басқа қаржыландыру көзін пайдалану арқылы ескі кредитті жаңа кредитке ауыстыру процесі. Бұл алдын ала алған кредитті өтеу мақсатында өзіңізге ыңғайлы шарттармен басқа банктен кредит алу мүмкіндігі.

Бұл жерде Сізде пайыздық
мөлшерлемені төмендету
арқылы өзіңіздің ай сайынғы
төлемді төмендетуге, сондай-ақ
кредиттің мерзімін, соманы
және валютаны түзетуге
мүмкіндік туады

- ▶ Шоғырландыру — бірнеше кредиттерді бір кредитпен ауыстыру процесі. Берешек құрамын қайта қарау жиі жүргізіледі, ал шоғырландыру құрамын қайта қарау жолымен қатар жүреді.

▶ Төлем мерзімін ұзарту

▶ Төлем мерзімін ұзарту — берешекті өтеу тәсілі, ол кезде кредиттік шартта қарастырылған соманы толық төлеу мерзімі ұзартылады.

▶ 2. Кәсіпқойлардың көмегімен ыңғайлы кредиттеу бағдарламасын қалай таңдауға болады?

Оңтайлы кредиттеу бағдарламасы —
Сізге және Сіздің бизнесіңіз үшін
кредитті ресімдеу мерзімі қолайлы
бағдарламаны таңдаңыз; айыппұлсыз
және комиссиясыз мерзімінен бұрын
өтеуге рұқсат беру; Бизнесіңіздің
маусымдық ерекшеліктерін және басқа
да ерекшеліктерін есепке ала отырып,
жеке кредитті өтеу кестесін құру
мүмкіндігі; Компанияңыздың нақты
қаржылық жағдайын сипаттайтын
деректер негізінде қаржылық талдау
жүргізу.

Қазіргі коммерциялық банктерде әрбір клиенттермен жеке кредиттік сарапшы (кәсіпқойлар) жұмыс істейді, олар оңтайлы кредиттеу бағдарламасын таңдайды, қажетті құжаттар пакетін дайындауға көмектеседі, сондай-ақ қажет болған жағдайда кез келген банктік қызметтерге қатысты кеңес береді.

▶ 3. Кредитті пайдалану кезінде қандай қосымша шығындар болады?

- ▶ Егер сіз банктен кредитті дербес ресімдесеңіз, банк қызметкерінен барлық қосымша шығындар — банк комиссиясы, қарастыру үшін төленетін төлем, сақтандыру құны, бағалау және т.б. туралы түбегейлі түсіндіруін сұраңыз.
- ▶ Әр банктің өз кредиттік саясаты бар, онда кредиттеу тарифтерін белгілеу қарастырылады.

▶ 4. Кредитті қандай валютада алған дұрыс?

▶ Бұл жағдайда айырбастау және валюта бағамының ауытқуына қатысты шығындардан құтылуға болады. Егер Сіз сыртқы экономикалық қызметпен айналысатын болсаңыз, онда Сізге кредитті шетелдік контрагенттермен есеп айырысатын валютада алған дұрыс.

▶ 5. Кредитті мерзімінен бұрын өтеген кезде неге назар аудару керек?

- ▶ Бағдарламаны таңдау кезінде мерзімінен бұрын өтеу шартына және қайта қаржыландыру, құрамын қайта қарау және кредит мерзімін ұзарту мүмкіндіктеріне назар салыңыз – бұл Сізге бір банкке тәуелді болмауға көмек көрсетеді.

▶ 6. Кредит құрамын қайта қарау қызметін қашан пайдалануға болады?

- ▶ Егер кредит бойынша орташа нарықтық пайыздық мөлшерлеме төмендесе, сіз кредитті қайта қаржыландыру қызметін қолдана аласыз.
- ▶

11-кесте. Шарт жасау бойынша тәжірибелік кеңестер

Шарттың мерзімін анықтаңыз	Шартта барлық мерзімдері нақты анықталуы керек
Комиссияны белгілеңіз	Банктің комиссиясы сізге түсінікті әрі шартта белгіленуі керек
Сақтандыруды ресімдеңіз	Беделді сақтандыру компаниясында титулдік сақтандыру мәміленің қауіпсіздігіне кепілдік береді
Комиссиялық төлемдерді дұрыс төленіз	Төлем банк немесе касса арқылы төленуі керек, төлем туралы құжат беріледі
Мамандардан кеңес алыңыз	Банк қызметкерлері барлық сұрақтарға жауап береді және күрделі мәселелерді шешу үшін көмек беруі қажет